

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы N 1081 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13 сәуірдегі 2020 жылғы № 196 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2020 № 196 қаулысымен.**

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесі айқындалсын.

2. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 877 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 30, 410-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 13 қарашада  
N 1081 қаулысына  
қосымша

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 04.06.2019 № 365; өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 28.12.2019 № 1003 қаулысымен.**

Р/с №	Қаржы құралының түрі
1	2
1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі банктік шоттардағы ақшаларды қоса алғанда, инвестициялау мөлшері "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің

	қырық пайызынан кем емес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмитенттелгендерді қоса алғанда)
2	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің он бес пайызынан аспайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттері
3	Қаржы құралының немесе эмитенттің кредиттік рейтингі Standard & Poor's бойынша "А"-дан төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Service рейтингіне тең, бірақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің отыз пайызынан аспайтын халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары
4	Қаржы құралының немесе эмитенттің кредиттік рейтингі Standard & Poor's бойынша "BB"-дан төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Service рейтингіне тең, бірақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің қырық пайызынан аспайтын мемлекеттік сыңайлы субъектілердің облигациялары мен корпоративтік облигациялар
5	Кері РЕПО мәмілелері. Кері РЕПО мәмілесі бойынша кепілзат ретінде болатын қаржы құралдарының мүмкін болатын ең жоғары үлес салмағына сәйкес келеді.
6	"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің он пайызынан аспайтын агенттік облигациялар
7	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің он пайызынан аспайтын Еуразия даму банкінің облигациялары
8	номиналды құны бойынша 15 млрд. теңгеден аспайтын сомаға "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы шығарған облигациялар